

ЖАҢАЛЫҚТАР \ НОВОСТИ



МҰРАТБАЕВ NEWS

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

Оқушылардың өзін - өзі басқару ұйымы SOFT skills дағдыларының дамуына мүмкіндік береді.



ТАЛАНТТЫ ОҚУШЫЛАР

олармен жақынырақ
танысайық

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН - ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫ SOFT SKILLS ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ДАМУЫНА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Оқушылар үшін өзін-өзі басқару – жаңа бастамаларға қолдау мен дамытудағы көмек болып табылады. Мектептің әрбір оқушысы өзін ұстаздар мен оқушылардың алдында тұрған мәселелерді шешуге қатысуын сезінетін ортаны құруы керек. Осыған байланысты балалардың өз ұжымын нақты басқаруға қатысуы маңызды рөл атқарады. Өзін-өзі басқаруды дамыту оларға қоғамдық қатынастардың күрделілігін сезінуге, әлеуметтік позицияны қалыптастыруға, көшбасшылық функцияларды орындаудағы қабілеттерін анықтауға көмектеседі.

Өзін-өзі басқаруды дамытудың мәнін түсінуге жаңа көзқарас оқушылардың әлеуметтік дамуына жағдай жасауды көздейді. Бұл олардың ұжымда дамитын күрделі қарым-қатынас мәселелерін шешуге қосылуымен қамтамасыз етіледі. Гимназиямызда өзін - өзі басқару және Жасұлан ұйымдарына 687 оқушы мүшелік етуде. Оның ішінде 42 оқушы үйлестіруші және ұйымдастырушылар. Олар іс-шаралар мен жобалық бастамаларды жүйелі орындап мектептің ішкі өміріне өзгерістер енгізіп келеді.

К.Н.Сатенов

Директордың
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары



КАСТИНГ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



МЕКТЕП СТУДИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН “GM ARNASY” ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТОБЫНА ТАЛАНТТЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ІРІКТЕУ МАҚСАТЫНДА КАСТИНГ ЖАРИЯЛАНҒАН БОЛАТЫН. КАСТИНГКЕ 27 ОҚУШЫ ҚАТЫСЫП, ОНЫҢ ІШІНДЕ:

- ✓ ҚАЛИЛА САМҒАТ
- ✓ ЖАҒАБАЙ ДАМИРА
- ✓ ЕСЕЛЬБАЕВА ЖАНЕЛЬ
- ✓ ЖАКЕЛ ҚАРАҚАТ
- ✓ АҚЖОЛТАЙ ШАПАҒАТ
- ✓ ТУРАЕВ АЙДОС
- ✓ ПӘРІМБЕК АЯНА

“GM ARNASY” ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТОБЫНА ҚАБЫЛДАНДЫ.
ЖАС ТІЛШІЛЕРІМІЗГЕ ШАБЫТ ТІЛЕЙМІЗ!!!

ЭКО ПЛАНЕТА ЖАҢА ЖОБА

BY GM ARNASY



GM aransy ұсынады! Жаңа мультсериал "Эко Планета құпиясы". Жер планетасының тұрғындары Қоңыртай, Толқын және Сәулемен таңысады, ал Жеріміздің қонақтары өзінің планета тұралы айтып береді. Жаңа сериялар апта сайын gmonline.kz сайтында.

"ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП" РУБРИКАСЫ

КӨЗІН АУЫЛҒА КЕЛГЕСІН ЕКІ КҮННЕН СОҢ АШТЫ. ЖҰРТ АСЫРАУҒА КӨНЕДІ ДЕСТІ. КІШКЕНЕ ҚҰРМАШ КӨКСЕРЕК ДЕП АТ ҚОЙДЫ. ӨЗІНЕ ЖЕКЕ АСҚҰЙҒЫШ — ИТАЯҚ ӘЗІР БОЛДЫ. БАУЫРЫН КӨТЕРІП, ТЫРБАНЫП ЖҰРУГЕ АЙНАЛҒАН СОҢ, МОЙНЫНА ЖІП ТАҒЫЛДЫ. ҮЙ ІШІНЕН ШЫҚПАЙДЫ. ТҮНДЕ ҚҰРМАШ ҚАСЫНА АЛЫП ЖАТАДЫ. СОЛ ҮШІН КӘРІ ӘЖЕСІНІҢ ҚОЙНЫНАН ДА ШЫҒЫП КЕТТІ. ҚАСЫНДА НЕ АЯҚ ЖАҒЫНДА, КӨРПЕНІҢ АСТЫНДА КӨКСЕРЕК ЖАТАДЫ. ЖАЗ ОРТАСЫНА ЖАҚЫНДАҒАН КЕЗ БОЛДЫ. КӨКСЕРЕК ҮЛКЕЙДІ, БІРАҚ АУЫЛДАҒЫ КҮШІКТЕРДЕН СОНША ҮЛКЕН ЕМЕС. ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН КӨКСЕРЕК АУЫЛ ИТІНЕН КӨРЕСІНІ КӨРДІ. БІРДЕ-БІР ИТ МҰНЫ ДОС КӨРМЕЙДІ, МАҢЫНА ЖАҚЫНДАТПАЙДЫ. ҚАСҚЫРҒА ШАБАТЫН БАТЫЛ ТӨБЕТТЕР БҰНЫ ТАЛАП ТА ТАСТАЙДЫ. ЖАЗ ОРТАСЫ АУҒАН КЕЗДЕ КӨКСЕРЕК КӨК ШОЛАҚ ҚАСҚЫР БОЛЫП ШЫҚТЫ. ЕНДІ ҚАРА АЛА ТӨБЕТ ТЕ ТАЛАЙ АЛМАЙДЫ. ЖОТА ЖҮНІ ҮРПИП, КӨЗДЕРІ ЖАСЫЛДАНЫП, БАР ТІСТЕРІН КӨРСЕТІП, АУЗЫН АҚСИТЫП АШЫП ЖІБЕРІП, ТАП БЕРГЕНДЕ ТАЛАЙ БҰРАЛҚЫ ТӨБЕТ ШӘУІЛДЕЙ ҚАШАТЫН БОЛДЫ. МЫНАДАЙ КЕЗДЕ ҚҰРМАШТЫҢ ӨЗІ ДЕ ҚОРҚАТЫН.

М. ӘУЕЗОВ «КӨКСЕРЕК»

